

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік
олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі – Олимпиада) республикалық олимпиаданың жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік кезеңін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, аудандық олимпиадарға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, мектептегі білім берудің беделін көтеру.

3. Олимпиаданы ұйымдастыруға жауапты ғылыми-әдістемелік орталық:

- 1) осы ережемен белгіленген Олимпиаданың өткізілуін бақылайды;
- 2) Олимпиадаға басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) Олимпиаданы өткізудің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша әдістемелік комиссияларды қалыптастырады;
- 4) Мектеп директорына Олимпиаданың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде ұсыныс береді;
- 5) Олимпиаданың қорытындысын талдайды;
- 6) Олимпиада материалдарын жариялайды.

4. Олимпиаданың мектепшілік кезеңінің пәндер бойынша қазылар алқасының құрамына төраға және мүшелер кіреді. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты тақ саннан құралады (Задамнан кем емес).

5. Олимпиаданың қазылар алқасы:

- 1) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;
- 2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- 3) жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін бекіту үшін әкімшілікке ұсынады;
- 4) Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;
- 5) Ғылыми-әдістемелік орталықпен бірлесе отырып, аудандық олимпиадаға қатысушы кандидаттарды анықтайды.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

10. Олимпиадаға қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша 8-11 сыныптар, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 8-11 сыныптар оқушылары қатысады.

11. Олимпиаданың тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша пәндік әдістемелік бірлестіктер дайындайды және ғылыми-әдістемелік орталық бекітеді.

12. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, апелляцияға бере алады.

13. Апелляцияға беру әр тур бойынша қорытынды шыққанна кейін бір жұмыс күні ішінде орындалуы керек..

3. Қорытынды ереже

14. Мектепшіліколимпиаданың жүлдегерлері мектеп дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

15. Олимпиаданың аймақтық кезеңіне қатысушылар саны әр пән бойынша жүлдегерлер санымен анықталады.

16. Егер бірнеше қатысушы бірдей балл санын жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндерден мектепшілік олимпиада өткізу тәртібі

Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес **8 қазан** күні мектепшілік пәндік олимпиада өткізіледі.

Оқушылардың мектепшілік пәндік олимпиадасын өткізу туралы.

Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық және қалалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес **8 қазан** күні өткізілетін жалпы білім беретін пәндерден мектепшілік олимпиадаға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Әр пәндер бойынша олимпиада резервтері және олимпиадаға дайындау кестелері бекітілді.

Олимпиада мына негізгі пәндер бойынша өткізіледі:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) қазақстан тарихы;
- 3) орыс тілі мен әдебиеті;
- 4) шетел тілдері / ағылшын, неміс, қытай, француз/;
- 5) математика;
- 6) физика;
- 7) информатика;
- 8) химия;
- 9) биология;
- 10) география;
- 11) құқық негіздері
- 12) бастауыш сыныптар бойынша
 - математикалық сауаттылық
 - қазақ тілі мен әдебиеті;
 - орыс тілі мен әдебиеті
 - ғылыми-жаратылыстану сауаттылық пәндер

Олимпиадаға қоғамдық-гуманитарлық пәндер, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 2-11 сыныптар оқушылары қатыстырылады.

Олимпиада қорытындысы бойынша әр пәннен озық шыққан оқушылар іріктеліп, аудандық және қалалық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталады және алдағы кезеңдерге дайындық жұмыстары ұйымдастырылады.

1. Олимпиаданың тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша пәндік әдістемелік бірлестіктер дайындайды және ғылыми-әдістемелік орталық бекітеді.
2. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, апелляцияға бере алады.
3. Апелляцияға беру әр тур бойынша қорытынды шыққанна кейін бір жұмыс күні ішінде орындалуы керек.

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 04 қазан № _____
Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

БҰЙРЫҚ

Оқушылардың мектепшілік пәндік олимпиадасын өткізу туралы

Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық және қалалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына және Ұжымдық шарттың «Жұмыс уақыты және тынығу уақыты» деген 5 бөлімінің 5.1.3 тармағына /Бес күндік жұмыс аптасы режимімен жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыс және қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін айына бір күн (сенбі) қарастырылады/ сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

- 2022 жылдың 08 қазан күні мектепшілік пәндік олимпиада өткізілсін.
- Олимпиада ережесі бекітілсін.
- Олимпиада жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-11 сыныптарда:
 - қазақ тілі мен әдебиеті;
 - орыс тілі мен әдебиеті;
 - ағылшын тілі;
 - француз тілі
 - неміс тілі
 - қытай тілі
 - Қазақстан тарихы;
 - құқық негіздері
 - математика;
 - физика;
 - информатика;
 - биология;
 - химия;
 - география пәндерінен өткізілсін;
- Бастауыш сыныптар бойынша.
 - математикалық сауаттылық
 - қазақ тілі мен әдебиеті;
 - орыс тілі мен әдебиеті
 - ғылыми-жаратылыстану сауаттылық пәндерінен өткізілсін
- Олимпиаданың өткізілу жоспары, кестесі бекітілсін. Олимпиада тапсырмалары пәндік әдістемелік бірлестіктерде дайындалсын. Тапсырмалардың құпиялылығы сақталсын.
- 11 қазан күні олимпиада қорытындысы бойынша хаттама тапсырылсын.
- 14 қазан күні жүлделі орын алған оқушылар марапатталсын.
- Олимпиада қорытындысы бойынша әр пәннен озық шыққан оқушылар іріктеліп, аудандық және қалалық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталсын және дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарлары О.К.Миркинаға жүктеймін.

Гимназия директоры:

Г. Абдраманова

**2-11 сынып оқушыларының мектепшілік олимпиадасын өткізу жоспары
(2022-2023 оқу жылы)**

Мақсаты:

- оқушылардың пәндік білімдерін тереңдету;
- оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру;
- ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру;
- дарынды балаларды айқындау;
- оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаға іріктеу және дайындау.

№	Мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	Олимпиадаға қатысушы 2-11 сынып оқушыларының резервтер тізімін алу	29.09.2022	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері
2	Олимпиада тапсырмаларын әзірлеу.	30.09.2022	Комиссия мүшелері
3	Олимпиада өткізу кестесін әзірлеу, бекіту.	03.10.2020	Директордың бейіндік оқу жөніндегі орынбасары
4	Олимпиаданы өткізу, жауапты мұғалімдер мен кезекшілер жұмысын үйлестіру. I тур, II тур	08.10.2022 Сағ: 10 ⁰⁰ -15 ⁰⁰	ДБОЖО, ӘБЖ
5	Олимпиада жұмыстарын тексеру, бағалау.	12.10.2022	ДБОЖО, ӘБЖ, Комиссия мүшелері
6	Олимпиаданы қорытындылау, жеңімпаз оқушыларды марапаттау.	28.10.2022	Директордың бейіндік оқу жөніндегі орынбасары
7	Олимпиада қорытындысы бойынша аудандық және қалалық олимпиадаға қатысушылар командасын жасақтау, әзірлік жұмыстарын ұйымдастыру.	12.10.2022	ДБОЖО, ӘБЖ, пән мұғалімдері